

Әкімдіктің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 86 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 148 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 мамырда № 4751 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі Конституциялық Заңына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 86 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-179 болып тіркелген, 2011 жылғы 17 ақпанда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының мемлекеттік тілдегі қосымшасында:

"селосы" деген сөз "ауылы" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін **ө з г е р т і л м е й д і .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары М.К. Жұрқабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Жүндібаев

КЕЛІСІЛДІ:

Л и с а к о в қ а л а л ы қ с а й л а у
к о м и с с и я с ы н ы ң т ө р а й ы м ы

_____ Е. Бурдыка